

# Жаңалықтар дайджесі


2023.23.01-2023.27.01



# Қаржы министрлігі: мемлекеттік бюджет 2022 жылдың қорытындысы бойынша 2.17 трлн теңгеге тапшылықпен қалыптасты.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin?lang=ru>

Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы



Дереккөз: ҚР ҚР деректері, Jusan Analytics есептеулері

“Бюджеттің мұнайға жатпайтын тапшылығы тереңдеп, 2020 жылғы деңгейден асып түсті. Бұған мемлекеттің бизнесті қолдауға және халықты әлеуметтік қамсыздандыру шараларына көп қаржы бөлгені себеп болды. Қазақстан бюджетінің кіріс бөлігі әлі де мұнай-газ секторына өте тәуелді және энергия тасымалдаушылардың жоғары бағалары есебінен салықтың қомақты түсімдері арқасында қамтамасыз етілді. Бұл ретте көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен ұлттық жобалар бюджеттің шығыс бөлігіне қысым көрсетуін жалғастыруда. Айталық, экономиканы ұзаққа созылған фискалды тапшы ынталандырулар инфляциялық ахуалдың қосымша тағы да өсуге әкеп соғады.”



**Клара Сейдахметова**

## Аргентина мен Бразилия жаңа ортақ валютаны енгізбек. Оның аты – sur (оңтүстік). Олар жаңа валюта сауданы ынталандыруға және долларға тәуелділікті азайтуға көмектеседі, деген үмітте.

<https://oqu.news/argentina-i-brazilija-budut-vvodit-obshhujju-valjutu/>

	Бразилия	Аргентина
ЖІӨ, млрд \$	1 609	487
ЖІӨ өсу қарқыны, %	3.6	5.9
ЖІӨ-ге шаққанда мемлекеттік қарыз, %	80.27	80.5
ЖІӨ-ге шаққанда мемлекеттік бюджет, %	-4.5	-4.5
Инфляция	13.75	94.8
Сауда теңгерімі, млрд \$	4 780	1 102
Жұмыссыздық, %	8.1	7.1

Дереккөз: <https://tradingeconomics.com>

“Бір қарағанда бұл әлемдік нарықтың өңірленіп бара жатқандығын растайды, мұны ХВҚ да атап өтуде. Елдер жоғары айқынсыздық кезінде жаңа интеграциялық бірлестік жасау және ықпалдастықтың жаңа сатысына өту есебінен өздеріне бейне бір қауіпсіздік «қамалын» жасап алғылары келеді. Алайда бұл бастама соншалықты табысты деп айта алмаймыз. Латын Америкасы елдерін біріктіру идеясы бұл таяуда осы елдерде сайланған басшылардың өзіндік бір популистік тақырыптары деуге болады. Өйткені бұл идеяны сайлаушылар қолдайды. Дейтұрғанмен Аргентина мен Бразилия арасында сауда есебі үшін ортақ цифрлық валюта енгізуге саяси және экономикалық кедергілер жетіп артылады. Яғни әзірге тиімділігі аз. Оның үстіне екі ел экономикасының даму деңгейі мен құрылымы бір-бірінен ерекше. Өңірдегі жалпы саяси тұрақсыздықты да жоққа шығаруға болмайды. Мұндай одақ жасауға ұзақ мерзімді саяси қолдау қажет. Ол ондаған жылдарға созылуы мүмкін.”



**Айжан Алибекова**



## АҚШ ЖІӨ 4-тоқсанда жылдық есепте 2.9%-ға өсті. Еуроаймақ биыл рецессиядан құтылуы мүмкін.

<https://kapital.kz/world/112350/yevrozona-mozhet-izbezhat-retsessii-v-etom-godu.html>

“АҚШ ЖІӨ бойынша алдын ала деректер нарықтың күткенінен жоғары болды. Ал ЕО бойынша экономистер экономикалық өсімнің келешегіне қатысты 2023 жылға арналған болжамдарын жақсы жағына көтерді (0.5%). Нарыққа қатысушылардың ғаламдық рецессия бойынша берген болжамдары төмендеді. Бұл оң сипаттағы бағаны біз ғаламдық ауқымда пайда болған айқынсыздықтар мен геосаясатқа тәуелділікті жете бағаламаушылық деп санаймыз. Тіпті маңызды ХҚҰ болжамдарында да айқынсыздық сезіледі. Олардың пікірлері ай сайын өзгеріп отырады.”



**Айжан Алибекова**

## Доллар индексі өткен жылдың маусымының соңындағы деңгейде қалыптасты.

<https://ru.investing.com/indices/usdollar-historical-data>

Күні	Мәні	Өзгеріс
25.01.	101.64	-0.27%
26.01.	101.64	+0.19%
27.01.	101.99	+0.15%

“Жергілікті минимумдарда болу теңгеге деген сыртқы қысымдарды жояды. Мұндай қысым 2022 жылдың басым бөлігінде байқалған еді. Алайда ФРЖ-ның мөлшерлемені әрі қарай көтеру мүмкіндігі және АҚШ-та инфляцияның түсетіндігі туралы риторикасы инвесторларды долларлық активтерге қаржы салуға қызықтыруы мүмкін. Бұл өз кезегінде доллардың басқа әлемдік валюталарға қатысты тағы да өсуіне әкеп соғуы ықтимал.”




**Сунгат Рысбек**


**Қаңтар айының ортасында жыл сайынғы Давос экономикалық форумы өтті. Онда әлемнің жетекші экономистеріне «2023 жылы мына өңірлердегі экономикалық өсім бойынша болжамдарыңыз қандай?» деген сұрақ қойылды.**

[https://www3.weforum.org/docs/WEF\\_Chief\\_Economists\\_Outlook\\_2023.pdf](https://www3.weforum.org/docs/WEF_Chief_Economists_Outlook_2023.pdf)

**Жауап бергендердің үлесі %**



“Бүкіл әлем бойынша ақша-несие шарттарын қатаңдатуды жалғастыру экономикалық белсенділік пен сұраныстың төмендеуіне әкеп соғады. Нәтижесінде көптеген елдердің экономикасы мардымсыз ғана өсетін болады. Базалық сценарий бойынша бұлай жалғаса беретін болса, әлемдік инфляция төмендейді. Бірақ көптеген экономистер қазіргі ақша-несие саясатының одан әрі қатаңдатылуы тым артық болып кетпей ме, деп қауіптенеді. Өйткені ол сұраныс пен инвестициялық белсенділікті төмендетеді. Ал бұл рецессиялық құбылысқа әкеп соғары хақ.”



**Абылай Асылхан**

**2022 жылдың шілдесінде мұнай өнімдерін автокөлікпен әкетуге 6 ай мерзімге тыйым салынған болатын. 2023 жылы 23 қаңтарда ол ұзартылды. Бұдан басқа, мұнай өнімдерін автокөліктің барлық түрлерімен әкетуге 4 айға мерзімге тыйым салу туралы шешім 2023 жылдың 31 қаңтарына дейін қабылданады.**

<https://kapital.kz/economic/112398/iz-kazakhstana-mogut-zapretit-vyvozit-nefteprodukty-vsemi-vidami-transporta.html>

“Мұнай өнімдерін көліктің барлық түрімен әкетуге уақытша тыйым салу Атырау мұнай өңдеу зауытында жүргізіліп жатқан жоспарлы жұмыстардың салдарынан бензин мен дизель отынының қымбаттап кетуіне жол бермеуге бағытталған. Бұл жерде бензин тапшылығының басты себебі – бағалардағы айырмашылық бойынша дизель отынының Қазақстан аумағынан сыртқа – көрші елдерге әкетіліп жатқаны.”




**Абылай Асылхан**

# Банктердің депозиттері бойынша деректер шықты. Желтоқсанда депозиттер 5.3%-ға өсті, ал жыл басынан бергі өсім +21.5%-ды құрады. Нақты өсім +1.1%.

<https://www.nationalbank.kz/ru/news/svedeniya-o-strukture-vkladov/rubrics/1854>

Депозиттер серпіні



Дереккөз: ҚРҰБ деректері, Jusan Analytics есептеулері

Корпоративтік

Бөлшек саудалық

Барлығы

“Депозиттердің өсімі экономиканың жалпы дамуы мен халық табысының өсуіне негізделген. 2022 жылы халықтың валюталық салымдарындағы ақшаның теңгелік салымдарға ағылғанын бақыладық. Бұған базалық мөлшерлеме мен теңгелік депозиттер бойынша өтемақының төленуі септігін тигізді.”



Сунгат Рысбек



## ҚР Сауда және интеграция министрлігі Alibaba-да сауда жасау мақсатында Gold Supplier мәртебесі бар 70 компанияның аккунтын төлеп бермек. Жазылымдарға 96.5 млн теңгеден 339 млн теңгеге дейін жұмсау жоспарлануда. Сондай-ақ қатысушылар үшін шеберлік сыныптары мен нұсқаулықтар әзірленеді.

[https://forbes.kz/economy/business/70\\_kazahstanskih\\_kompaniy\\_poluchat\\_na\\_alibaba\\_v\\_2023\\_godu\\_status\\_gold\\_supplier/](https://forbes.kz/economy/business/70_kazahstanskih_kompaniy_poluchat_na_alibaba_v_2023_godu_status_gold_supplier/)

“Қазақстанда қолданыстағы бүкіл кәсіпорындардың 25%-ы сауда саласында жұмыс істейді. Бұл қадам отандық компанияларға жалпы сауда көлемі мен экспортты арттыруға көмектеседі. Геосаяси қиындықтарға байланысты Қазақстан өзінің сауда саласын өртараптандыруы тиіс. Бұл болашақта жағымсыз есеңгіретулерден құтылуға мүмкіндік береді. Мұндай есеңгіретулердің бірқатарын 2022 жылы бастан кешкеніміз белгілі.”




Сунгат Рысбек

## Халық 2022 жылы нетто негізде 235.3 млрд теңгеге қолма-қол доллар сатып алды.

<https://www.nationalbank.kz/ru/exchangerates/ezhednevnye-oficialnye-rynochnye-kursy-valyut>

Дереккөз: ҚРҰБ деректері, Jusan Analytics есептеулері



“2022 жылы теңге бағамы біршама әлсірегенімен, халық валютаны 2021 жылға қарағанда аз сатып алды. Мұндай жағдайға ҚРҰБ-тың шетел валютасына деген есеңгіретерлік сұранысты болдырмауға бағытталған шаралары немесе халықтың валютаны айырбас пункттерінен емес, банктердің қосымшалары арқылы сатып алуға өте бастауы негіз болуы мүмкін.”



Сунгат Рысбек



**Жауапкершілікті шектеу:**

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

**Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:**

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.  
analytics@jusan.kz